

## Талдамасы

**Үйірменің мақсаты:**

Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді.

**Міндеттері:**

Оқушылардың логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту.

**Күтілетін нәтиже:**

Жаттығу ойындарында, мектепшілік, аудандық шахмат сайыстарына қатысуында.

2021 – 2022 оқу жылында білім беру процесіне қатысушылардың дене шынықтыру салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында шахмат үйірмесінің қызметнің жылдық жоспар құрылды.

Қыркүйек айында үйірмеге қатысушы оқушыларға шахмат үйірмесінің ғылымы, жалпы ережелері таныстырылды. Шахмат ойынының тарихы мен шығу тарихы туралы толықтай мәліметтер алды. Қазан айында оқушылар ойынның негізгі әдістерін үйреніп, шахмат фигуралары, жүріс тәсілдерін, өту кезінде алу ережесін үйренді.

Қараша айында оқушыларымен үйірмедегі қарым-қатынасты, көшбасшыны анықтау мақсатында өзара шахмат ойыны өтті. Ойын барысында оқушылар бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болып, ұйымшылдықпен топпен жұмыс жасай алатындарын көрсетті.

Желтоқсан айында ойын техникасын жетілдіру мақсатына арналған жаттығулар орындалды. Оқушыларға үйірме барысында жүріс ойнау комбинация

байлау, қос соққы, ашық соққыны бастау ережесі үйретілді.

Қаңтар айында ашық шах, уақытқа ферзімен мат қою бір жүрісте мат қою позициясын шешу, жүріс ойнау ережесі түсіндірілсе, үйірме соның да балалардың білімдерін бекіту мақсатында өзара шахмат ойыны ойнатылды.

Ақпан айында оқушыларға екі жүрісте мат қою позициясын шешу екі жақты шахмат ойынның ойнады. Төзімділік пен икемділікті, ойлау қабілеттерін арттыратын жаттығулар жасалды. Оқушылардың үйірмеге деген қызығушылықтары артып, әр келген сайын ойынға деген өз белсенділіктерімен қатысты.

Наурыз айында үйірмеге қатысушы балаларға шахмат стратегиясы тактикасы, партияны бастау, шахмат композициясы, мат қоюға арналған әдіс-тәсілдер үйретіліп, өткізілді. Балалар ойын барысында үйірмеден үйренген әдістері бойынша фигуралармен ойнауды көрсетті.

Сәуір айында үйірме оқушылар арасында шахмат ойыны ұйымдастырылды. Қос соққы ашық соққыны бастау ашық шах ойын барысында оқушылар жақсы ойын көрсетіп, үйірмеден жақсы нәтиже алғандарын көрсетті.

Мамыр айында қорытынды ойын техникасын жетілдіруге арналған топтық ойын өткізілді. Үйірме соңғы уақытында оқушыларға шахмат композициясы , миниатюрасы, мат қою схемасына бақылау жаттығулары жасалынды. Шахмат ойыны бойынша оқушылар толықтай білім алып шықты. Жылдың аяғында жылдық жұмыс қорытындыланып, талқыланды.

Дене шынықтыру мұғалімі: А.К.Ұлықпанова